


Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы
Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті

Ғылыми кеңестің
шешімімен бекітілге
№ 12 хаттама
« 26 » 05 2020 ж.
Ғылыми кеңес төрағасы



 Г. Мусабекова

Білім беру саласы: 6В01 Педагогикалық ғылымдар

Жоғары білім беру – бакалавриатта даярлау бағыты:
6В015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау

«6В01501 МАТЕМАТИКА»
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Берілетін дәреже: «6В01501 Математика» білім беру бағдарламасы бойынша білім
бакалавры

Қостанай, 2020

ӘЗІРЛЕУШІЛЕР

О.С. Телегина	физика-математикалық пәндер кафедра меңгерушісінің м.а., аға оқытушы
Г.Б. Асканбаева	«Математика» мамандығының Әдістемелік комиссиясының төрағасы, физика-математикалық пәндер кафедрасының аға оқытушысы
М.М. Мусабекова	математика мұғалімі, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Қостанай қаласындағы физика-математикалық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалы (Қостанай қ., Қостанай обл.)
Г.Т. Раисова	физика-математикалық пәндер кафедрасының аға оқытушысы
А.А. Фазылова	физика-математикалық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, математика магистрі
О.С. Луценко	«5B010900-Математика» мамандығының 4 курс студенті

САРАПШЫЛАР

К.Т. Алдамбергенова	«Затобол мектеп-гимназия» мемлекеттік мекемесінің директоры, жоғары санатты математика мұғалімі (Қостанай обл.)
А.Т. Дауренбекова	математика мұғалімі, «Қостанай қаласы әкімдігінің білім беру бөлімі Ғ.Кайрбеков атындағы № 9 орта мектебі», мемлекеттік мекемесі, оқытушы-модератор (Қостанай қ.)
А.А. Еришова	«Ы.Алтынсарин дарынды балаларға арналған интернат» мемлекеттік мекемесінің математика мұғалімі (Қостанай, Қостанай облысы)
Р.К. Утина	математика мұғалімі, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Қостанай қаласындағы физика-математикалық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалы (Қостанай қ., Қостанай обл.)

ҚАРАЛДЫ

Білім беру бағдарламасы студенттік қауымдастық өкілдерін тартумен физика-математикалық пәндер кафедрасының кеңейтілген отырысында қаралды
2019 ж. 22 қарашадағы № 4 Хаттама

МАҚҰЛДАНДЫ

Білім беру бағдарламасы жаратылыстану-математика факультеті кеңесінің шешімімен мақұлданды
2019 ж. 25 қарашадағы № 3 Хаттама

ҰСЫНЫЛДЫ

Білім беру бағдарламасы Академиялық кеңесінің қаулысымен ұсынылды
2020 ж. 24 наурыз № 4 Хаттама

КЕЛІСІЛДІ

Білім беру бағдарламасы жұмыс берушілер өкілдерімен келісілді
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Қостанай қаласындағы физика-математикалық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалы (Қостанай қ., Қостанай обл.)
2019 ж. 22 қарашадағы № 4 Хаттама

Білім беру бағдарламасының паспорты

№		
1	Білім беру саласының коды және атауы	6B01 Педагогикалық ғылымдар
2	Даярлау бағытының коды және атауы	6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау
3	Білім беру бағдарламалары тобы	B009 Математика мұғалімдерін даярлау
4	Білім беру бағдарламасының атауы	6B01501 Математика
5	ББ түрі	Қолданыстағы ББ
6	ББ мақсаты	Білім беру бағдарламасының мақсаты студенттерді аналитикалық, логикалық дағдылармен және олимпиадалық есептерді шешу дағдыларымен қаруландыру болып табылады. Біз математиканы оқытудың инновациялық технологияларын меңгерген мұғалімдерді, қолданбалы бағдарламалардың компьютерлік пакеттерін пайдалануды және олимпиадалық сипаттағы тапсырмаларды шешуге бағытталған.
7	ББХСЖ бойынша деңгейі	ББХСШ 6
8	ҰБШ бойынша деңгейі	ҰБШ 6
9	СБШ бойынша деңгейі	СБШ 6 (6.1)
10	Оқыту нысаны	Күндізгі (full time / part time)
11	Оқу мерзімі	4 жыл
12	Оқыту тілі	қазақ және орыс
13	Кредит көлемі	240 академиялық кредит / 240 ECTS
14	Берілетін академиялық дәреже	«6B01501 Математика» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры
15	Кадрларды даярлау бағытына лицензияға қосымшаның болуы	№ KZ08LAA00016062 Берілу кезі : 17.05.2019
16	ББ аккредиттеудің болуы	Бар
	Аккредиттеу органының атауы	«Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі» мемлекеттік емес мекемесі https://iqaa.kz/kz/akkreditteu-zh-ninde-sheshimder/zhoo/mamandandyryl-an-ba-darlamaly-akkreditteu?start=1
	Аккредиттеудің қолданылу мерзімі	08.11.2014 ж. – 07.11.2019 ж.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Қолданылу саласы

«6B01501 Математика» білім беру бағдарламасы ҚР БҒМ нормативті құжаттарына сәйкес және еңбек нарығы қажеттіліктерін есепке ала отырып ҚМПУ тарапынан дайындалған құжаттар жүйесінен тұрады.

«6B01 Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы «6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау» жоғары білім беру – бакалавриатта даярлау бағытының «6B01501 Математика» білім беру бағдарламасы Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген), Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығымен бекітілген), Педагогтің кәсіби стандартына («Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығымен бекітілген), Еуропалық біліктілік шеңберінде келісілген Дублин дескрипторларына сәйкес әзірленген.

Білім алушыларды білім беру бағдарламасына қабылдау бойынша талаптар білім беру мекемелеріне оқуға қабылдаудың ҚР жоғары білім беру кәсіби оқу бағдарламалары жүзеге асыратын Типтік ережелерімен белгіленген.

Білім беру бағдарламасына оқуға түсуші талапкерлер Ұлттық бірыңғай тестілеуден (ҰБТ) немесе талапкердің кешенді тестілеуінен (ТКТ) өтеді.

МИССИЯ: ҚМПУ – білім беру сапасының жоғары деңгейімен атақты және білім беру бағдарламаларының әрбір желісінде көшбасшы болып табылатын, кәсіпқойлық рухымен ерекшеленетін жоғары оқу орны.

2. Түлек МОДЕЛІ:

1. Терең кәсіби білімге ие және оқылатын саланы түсінеді.
2. Инновациялық ойлау мен дамыған эмоционалдық интеллектін көрсетеді.
3. Жаһандық сын-қатерлерге бейімделген.
4. Көшбасшылық қасиеттер мен кәсіпкерлік дағдыларға ие, проблемаларды сәйкестендіре және шеше алады.
5. Жаһандық азаматтық қабілеті бар.

Білім беру бағдарламасының негізгі тұтынушылары

Білім беру бағдарламасының негізгі тұтынушылары білім алушылар, олардың ата-аналары, «6B01 Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласында кадрларды даярлауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары болып табылады.

3. Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері

Білім беру бағдарламасының мақсаты университеттің Миссиясымен, көзқарасымен және стратегиялық мақсаттарымен келісілген.

Математика мұғалімін даярлағанда олар келесі қасиеттерге ие болады:

- пән саласындағы сапалы білімге;
- талдау, зерттеу және тіл дағдыларына;
- ары қарай үздіксіз білім алу және кәсіби білімді, білік пен дағдыны жетілдіру қабілетіне;
- көшбасшылық қасиеттеріне және инновациялық ойлауға.

«6B01501 Математика» білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврлар дайындайтын білім беру бағдарламасының негізгі міндеттері:

- білім берудің озық стандарттары негізінде болашақ математика мұғалімдерін Түлек Моделіне және ҚМПУ құндылықтарына сәйкес сапалы кәсіптік даярлауды қамтамасыз ету;
- ББ әрбір пәні бойынша оқытудың мәлімделген нәтижелерін қамтамасыз ету;
- ПОҚ және студенттердің парасаттылық, эмпатия және психологиялық сауаттылықты, ойлау мәдениетін және мінез-құлқын қалыптастыру.

4. Білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелері:

- ОН1 – кәсіби терминология мен академиялық хатты меңгерген; ана, екінші (Т2), шет тілдерін пайдаланады және мектепте оқыту үшін оларды пайдалану әдістемесін меңгерген; оқушылардың тыңдаудың – сөйлеудің – оқудың – жазудың, пән бойынша сөйлеу, лингвистикалық қабілеттерін қалыптастырады;
- ОН2 – математикалық және сандық сауаттылыққа ие, есепті шешу проблемасын бір түрден екіншісіне (мысалы, алгебрадан-геометриялық немесе функционалдық түрге) трансформациялайды (аударды), АКТ-ын және қашықтықтан оқыту технологиясын пайдалана отырып, жаңартылған білім беру мазмұны бағдарламасының талаптарына сәйкес математиканы оқытуды ұйымдастырады;
- ОН3 – мәдениеттану, әлеуметтану, жаратылыстану, экология, экономика және кәсіпкерлік саласындағы білімді түсінеді және пайдаланады; волонтерлік қызметке қатысады; парасаттылық және академиялық адалдық қағидаттарын сақтайды; алынған нәтижелерді талдайды, тапсырманы одан әрі шешу барысы туралы гипотезаны құрастырады;
- ОН4 – мектеп жасындағы балалардың дамуының типтік және типтік емес заңдылықтарын біледі, түсінеді және оларды кәсіби қызметте ескереді; педагогикалық этиканы сақтайды;
- ОН5 – қатаң логика және жақсы ойластырылған жоспар негізінде дәлелдемелерді дербес бағалайды және жасайды; ауызша және жазбаша түрде математикалық идеяларды сауатты және дәл білдіреді, сондай-ақ интуитивті ұсыным мен логика арасындағы байланыстарды белгілейді;
- ОН6 – жасырын (анық емес) жорамалдар бөледі, статистикалық немесе математикалық әдістердің көмегімен нақты проблемаларды тұжырымдайды және талдайды. Ойлау логикасындағы қателер мен олқылықтарды көреді. Фактілер мен салдарлар арасындағы шектеуді жүргізеді;
- ОН7 – орта мектептегі оқу-тәрбие процесін тиімді бағалайды, жоспарлайды, педагогикалық зерттеу құралдарын меңгерген, критериалды бағалау дағдыларын меңгерген;
- ОН8 – педагогикалық шындықты талдайды және синтездейді, сыни ойлау мен рефлексияны меңгерген, командада жұмыс істей алады, көшбасшылық қасиеттері бар.

Түлек Моделінің және оқу нәтижелерінің арақатынас матрицасы

Түлек Моделі	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8
1	+	+	+	+	+	+	+	+
2	+	+	+	+	+	+	+	+
3			+	+	+	+	+	
4		+	+	+	+	+	+	
5			+	+		+	+	

5. Білім беру бакалаврларының негізгі дағдылары «6В01501 Математика» ББ оқытудың жалпы нәтижелерінде көрсетілген:

ANALYTICAL SKILLS

- кез келген ақпаратты сыни бағалау, егжей-тегжейліге назар аудару (*сыни ойлау*);
- тәуелсіз және дербес ойлау (*көшбасшылық*);
- ақпараттың үлкен көлемін қабылдау және талдау қабілеті, заңнама (*ақпараттық-талдау жұмысы*);
- педагогикалық жағдайларды дұрыс түсіндіру (*кейстер*);
- педагогикалық технологияларды талдау және нақты қолдану.

RESEARCH SKILLS

- оқыту мен тәрбиелеуді және білім беру болмысын жүйелі қабылдау;
- педагогикалық зерттеу құралдарын меңгеру (*философия, ғылымметрия*);

- педагогикалық ақпаратты өз бетінше іздеу, жинау және талдау;
- қайшылықтар мен оққылықтарды анықтау (*кейстер*);
- жағдайды педагогикалық бағалау;
- логикалық және өзіндік тұжырымдар мен ой-пікірлер (*зерттеулер*).

LEADER ELOQUENCE

- сауатты ауызша және жазбаша сөйлеу, кәсіби терминологияны меңгеру (*кәсіби тіл*);
- логикалық және педагогикалық негізделген дәлелдерді құру;
- педагогикалық кеңес беру және сұхбат жүргізу;
- іскерлік риторика және тиімді коммуникация;
- әдістемелік маңызды құжаттарды әзірлеу және жасау (*академиялық хат*).

SOFT SKILLS

- дамыған эмоциялық интеллект;
- басқару қабілеті және командалық жұмыс (*менеджмент негіздері*);
- сандық сауаттылық және пәнаралық құзыреттер (*ComputerScience*);
- шет тілін еркін меңгеру;
- волонтерлік бағдарламалар.

ETHICAL SKILLS

- педагогикалық мамандықтың ролін және білім құндылығын түсіну (педагогикалық этика);
- мамандыққа, білім алушыларға құрметпен қарау, құқыққа қарсы мінез-құлыққа төзбеушілік, белгіленген рәсімдерді сақтау;
- әділ мінез-құлыққа және парасаттылыққа ұмтылу, патриотизм (Қазақстанның қазіргі тарихы);
- өз іс-әрекеттерінің құқықтық, моральдық-этикалық және әлеуметтік-экономикалық салдарларын алдын ала бағалау;
- академиялық адалдық стандарттарына бейімділік.

6. «6B01501 Математика» білім беру бағдарламасын бітірушінің біліктілік сипаттамасы

Берілетін дәреже: «6B01501 Математика» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры.

«6B01501 Математика» ББ меңгеру нәтижесінде түлектер келесі мамандықтар бойынша кәсіби құзыреттерді ала алады: «Педагог. Орта мектеп мұғалімі», «Педагог. Колледж оқытушысы» және т.б., «Атамекен» ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығымен бекітілген кәсіби стандарттарға сәйкес.

6.1 Кәсіби қызметінің саласы

«6B01501 Математика» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры өз кәсіби қызметін білім беру саласында жүзеге асырады.

6.2 Кәсіби қызметінің нысандары

«6B01501 Математика» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры кәсіби қызметінің нысандары:

- меншіктік және ведомстволық бағыныштылық түріне тәуелсіз барлық типтегі және түрдегі орта білім беру мекемелеріндегі педагогикалық үрдіс;
- техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарындағы педагогикалық үрдіс.

6.3 Кәсіптік қызметінің мәні

«6B01501 Математика» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалаврының кәсіптік қызмет мәндері:

математиканы оқыту және инновациялық психологиялық-педагогикалық әдістер мен құралдарды пайдалана отырып оқушыларды тәрбиелеу.

6.4 Кәсіптік қызметтің түрлері

«6B01501 Математика» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры келесі кәсіби қызмет түрлерін орындай алады:

- білім беру (педагогикалық);
- оқыту және тәрбиелеу;
- оқу-технологиялық;
- әлеуметтік-педагогикалық;
- эксперименталды және зерттеу;
- ұйымдастырушылық және басқарушылық;
- ақпараттық-коммуникациялық.

6.5 Кәсіби қызметінің функциялары

«6B01501 Математика» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалаврының кәсіптік қызметінің функциялары:

- оқыту: оқу ақпаратын таратады, өз бетімен білім алуға үйретеді;
- тәрбиелеу: білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне қосады;
- зерттеу: білім алушылардың білім беру мазмұнын меңгеру деңгейін зерделейді, білім беру ортасын зерттейді;
- әдістемелік: оқу-тәрбие процесін дайындау, қамтамасыз ету және талдау жүргізеді;
- әлеуметтік-коммуникативтік: кәсіптік қоғамдастықпен және барлық мүдделі білім беру тараптармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;
- дамытушы: білім алушылардың тұлғалық психикалық дамуын, олардың сенсомоторлы, зияткерлік және эмоциялық саласын жүзеге асырады.

6.6 Кәсіби қызметінің типтік міндеттері

«6B01501 Математика» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалаврының кәсіби қызметіне сәйкес орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша күтілетін нәтижелері мына мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған болуы тиіс:

білім беру саласындағы қызмет:

- білім алушылардың лингвистикалық қажеттіліктерін ескере отырып, оқу сабақтарын өз бетінше құрастырады;
- оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде АКТ-ны дербес пайдаланады;
- тәлімгердің консультацияларын немесе дайын әдістемелік нұсқауларды, ұйғарымдар мен ұсынымдарды ескере отырып, арнайы саладағы біліммен интеграциялауда дидактикалық білімді пайдалана отырып, стандартты оқу сабақтарын өткізеді;
- тәлімгердің басшылығымен мектеп жасындағы балалардың мақсатты тілдерде коммуникацияға бейімделуі үшін жағдай жасайды: қазақ тілінде Т2, орыс тілінде Т2;
- әріптестермен өзара іс-қимылда орта білім берудің барлық сатыларын оқытудың ықпалдастығы мен сабақтастығын ескере отырып, оқу сабақтарын жоспарлайды;
- арнайы саладағы теориялық концепциялармен интеграциялаудағы мектеп дидактикасының классикалық ережелерін біледі;
- психологиялық-педагогикалық ғылымдар саласындағы жаңа жетістіктерді біледі;
- АКТ-ны қоса алғанда, оқытудың дәстүрлі технологиялары мен дидактикалық құралдарын біледі;
- жасөспірімдер жасындағы балалардың физиологиясы мен психологиясының ерекшеліктерін біледі;
- сараланған және интеграцияланған оқытудың, дамыта оқытудың педагогикалық технологияларын, оқытудағы құзыреттілік тәсілдің ерекшеліктері мен ерекшелігін біледі;
- білім алушылардың зерттеу дағдыларын дамыту әдістерін, олардың тілдік құзыреттілігін дамыту;
- білім алушылардың коммуникативтік, ақпараттық, құқықтық, экологиялық, кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру принциптері мен әдістерін біледі;
- оқу үрдісінің жаңа модельдері мен стратегияларын жобалау үшін педагогикалық мақсат қою әдістерін біледі;

- мектеп, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің интеграциясы мен сабақтастығының принциптері мен механизмдерін біледі;
- тілдер мен мәдениеттерді оқытудың парадигмаларын біледі;
- академиялық және кәсіби мақсаттар үшін оқу ортасында жұмыс істейтін тілдерді біледі.

оқыту және тәрбиелеу жұмысы саласындағы қызмет:

- педагогикалық әдеп-ережелерін сақтайды;
- білім алушылардың тұлғасына құрмет көрсетеді;
- білім алушылармен қарым-қатынаста демократиялық стильді ұстанады;
- жоғары әлеуметтік құндылықтарға, гуманистік педагогика идеяларына бейілділік танытады;
- жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар жүйесіне олардың бірлігінде қатыстылық танытады;
- Қазақстанның ұлттық басымдықтарын ескере отырып, тәрбие процесін құрады;
- кемсітушілік пен экстремизмнің кез келген түрлеріне қарсы тұру қабілетін көрсетеді;
- мәдени хабардарлықты, тілдік құзыреттілікті дамытады;
- білім алушылардың мәдени және тілдік қажеттіліктерін іске асыру үшін қолайлы білім беру ортасын дамытуға жәрдемдеседі;
- өзге мәдениетке, өзге де өмір салтына төзімді қарым-қатынасты қалыптастырады;
- мектеп педагогикасын біледі;
- педагогикалық психологияны біледі;
- мектеп және жасөспірімдер жасындағы балаларды тәрбиелеудің инновациялық технологияларын біледі;
- «Математика» оқу пәнінің тәрбиелік әлеуетін біледі;
- білім беру мазмұнын Тәуелсіз Қазақстанның жалпыұлттық құндылықтарымен интеграциялау принциптерін біледі;
- білім алушыларда дұрыс өзін-өзі бағалауды, тілдерді, пәнді, азаматтық ұқсастықты және лингвистикалық төзімділікті қалыптастыру тәсілдерін біледі.

оқу-технологиялық саласындағы қызмет:

- өз біліктілігін арттыруды өз бетінше жоспарлайды;
- интернет-көздерден ақпаратты дербес таңдайды;
- тәлімгердің басшылығымен әдіс-тәсілдерді анықтайды, оқушылардың жалпы оқу іскерліктері мен дағдыларын қалыптастырады;
- оқу материалдарын тәлімгердің басшылығымен берілген мақсаттарға сәйкес және/немесе нұсқаулықтар мен талаптарға сәйкес әзірлейді;
- әріптестермен бірлесе отырып, оқушыларды оқыту үшін қолайлы оқу-технологиялық орта жасайды;
- қосымша білімді игеруге өзін-өзі анықтау әдістерін біледі;
- кәсіптік дамудың жеке жоспарларын іске асыру тәсілдерін біледі;
- ситуациялық педагогикалық есептерді құрастырудың принциптері мен әдістерін біледі;
- оқу-бағдарламалық құжаттарды әзірлеу принциптері мен әдістерін біледі;
- пәндік-тілдік оқыту технологиясын пайдалануды ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру ерекшеліктерін біледі.

әлеуметтік-педагогикалық саласындағы қызмет:

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды тәрбиелеу мен дамытуға қолайлы жағдай жасайды және оларға педагогикалық қолдау көрсетеді;
- білім алушыларды қосымша білім беру жүйесіне дербес тартады;
- білім беру стейкхолдерлерін біріктіретін инновациялық идеяларды дербес бастайды;
- оқу-тәрбие процесіне кәсіби қоғамдастықтардың, құқық қорғау органдарының, медициналық, әлеуметтік қызметтердің, балалар-жасөспірімдер қозғалыстарының, жастар бірлестіктерінің, қоғамдық және саяси партиялардың, ҰЕҰ және т.б. өкілдерін өз бетімен

тартады;

- қарым-қатынас психологиясы мен кәсіби коммуникация негіздерін біледі;
- түрлі әлеуметтік топтармен өзара іс-қимылдың түрлері мен әдістерін біледі.

эксперименталды және зерттеу саласындағы қызмет:

- оқушылардың жеке ерекшеліктерін диагностикалаудың нәтижелерін дербес қолданады;
- әріптестермен өзара іс-қимылда оқуға деген қажеттілік пен қиындықтарды анықтайды;
- тәжірибені зерттеу контексінде рефлексия әріптестерімен бірге әдістерді қолданады;
- тәлімгердің басшылығымен білім беру ортасына зерттеу жүргізеді және жоспарлайды;
- білім беру ортасы мен білім беру тәжірибесін зерттеу принциптері мен әдістерін біледі;
- педагогикадағы зерттеу әдістерін біледі;
- оқушылардың қызметін психологиялық-педагогикалық бақылау әдістерін біледі.

ұйымдастырушылық және басқарушылық саласындағы қызмет:

- білім берудің әртүрлі деңгейлеріндегі математика курсының мазмұнын жоспарлайды;
- білім беру үдерісін ұйымдастыру және өткізу тәсілдерін анықтайды;
- кәсіби қоғамдастықтағы ынтымақтастықтың түрлері мен әдістерін біледі, соның ішінде желілік;

- менеджмент қызметтерін иелену негізінде КҚО-н басқарады: жоспарлау, ұйымдастыру, ынталандыру және ынталандыру, бақылау және диагностика;

- кәсіби көшбасшылық негіздерін біледі.

ақпараттық-коммуникациялық саласындағы қызмет:

- оқу-тәрбие үдерісінде және сабақтан тыс жұмыста ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданады;

- білім алушылардың ақпараттық білім беру ортасымен, электрондық білім беру ресурстарымен оңтайлы өзара іс-қимылы үшін жағдай жасайды;

- ақпараттық-коммуникациялық құралдар мен технологияларды пайдалана отырып, ғылыми жаратылыстану ақпаратын іздеу және өңдеу процесін ұйымдастырады.

7. Білім беру бағдарламасы модульдерінің, пәндерінің, көлемінің сипаттамасы

Қысқартылған: ЖБП – Жалпы базалық пәндер;

БП – Базалық пәндер;

БейП – Бейіндеуші пәндер;

МК – Міндетті компонент;

ТК – Таңдау компоненті;

ЖООК – жоғары оқу орнының компоненті.

Модуль коды	Модуль атауы	Оқытудың күтілетін нәтижелері	Академ. және ECTS кредиттер (модуль бойынша барлығы)	Цикл атауы	Пәндер коды	Пән атауы	Академ. және ECTS кредиттер	Семестр ішіндегі аттестация (саны)	Бақылау түрі
Модуль 1	Тарихи-философиялық білім беру және рухани жаңғыру модулі	ОН1 – қазіргі Қазақстан тарихын, философиясын зерттеуде теориялық негіздер мен әдістемелік тәсілдерді, туған жердің ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихи процесінің негізгі кезеңдері мен ерекшеліктерін білуін көрсету; ОН2 – тарихи процесстің ерекшеліктерін ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейін сыни талдау арқылы өткен тарихи құбылыстарды және оқиғаларды байланыстыру; ОН3 – тарихи ретроспективада әлеуметтік әлемнің оқиғалары мен құбылыстарының себеп-салдарлық байланыстарын философиялық	14	ЖБП МК	KZT 1101	Қазақстанның қазіргі заман тарихы	5	1	МЕ (жазбаша)
				ЖБП МК	Fil 1102	Философия	5	1	емтихан (КТ)
				БД ВК	Oik 2201	Өлкетану	4	3	емтихан (КТ)

		<p>түсіну әдістерімен меңгеру;</p> <p>ОН4 – туған өлкенің дәстүрлі және мәдени мұрасын білу арқылы ғылыми және тарихи философиялық талдауға негізделген қазіргі заманғы проблемаларға ықтимал шешімдерді ұсыну;</p> <p>ОН5 – ғылыми дүниетанымның призмасы арқылы туған өлкенің табиғаттына, тарихы пен мәдениеттің бірегейлігіне құрмет сезімін тәрбиелеуге негізделген қазіргі Қазақстанның даму модельдерінің ерекшеліктерін және маңыздылығын талдау және оның сақталуына жауаптылық таныту;</p> <p>ОН6 – әлеуметтік және жеке болмыстың құндылықтары ретінде мәдениетаралық диалог пен рухани мұраға мұқият қарауда негізгі дүниетанымдық ұғымдардың практикалық әлеуетін анықтау;</p> <p>ОН7 – этикалық шешімдер қабылдауда қазақстандық бірегейлік пен патриотизмді қалыптастырудың мәдени және жеке бағыттағы тарихи білімнің іргелі рөлін негіздеу;</p> <p>ОН8 – қазіргі қоғамның өзара түсіністік, толеранттылық және демократиялық құндылықтарының басымдықтары бойынша өз азаматтық ұстанымын қалыптастыру. Зерттеу нәтижелерін талқылау үшін ұсыну</p>							
Модуль 2	Әлеуметтік - саясаттану білім модулі	<p>ОН1 – әлеуметтік-саяси модуль пәндерінің білімін (ұғым, ой, теория) және базалық ілім жүйелерінде біріктіру үдерістерінің өнімі ретінде қоғамның әлеуметтік-этикалық құндылықтарын түсіндіре және жеткізе алуы;</p> <p>ОН2 – нақты оқу пәні мен модуль пәнінің мәнмәтінің өзара әрекеттесу нәтижесінде ғылыми әдістер мен зерттеу тәсілдерін пайдалана білу;</p> <p>ОН3 – оқытылатын пәннің аясында ғылыми ой мен теория мазмұны негізінде әртүрлі саладағы әлеуметтік қарым-қатынастың жағдайын түсіндіру, және де әлеуметтік және тұлғаралық қатынастар, тіл, мәдениет, саяси бағдарламалар, қазақ қоғамының әртүрлі кезеңде дамуы туралы ақпаратты нақтылау және негіздеу;</p> <p>ОН4 – қазақстандық қоғамда жаңарудағы әлеуметтік, саяси, мәдени, психологиялық, құқықтық, экономикалық институттардың мәнмәтінінде олардың рөлінің ерекшеліктеріне талдау жасай алу;</p> <p>ОН5 – қазақстандық қоғамдағы этикалық және құқықтық нормалар, экономикалық, қоғамдық, іскерлік, мәдени құндылықтар жүйесіне тең келетін түрлі қарым-қатынастағы әртүрлі жағдайларды сараптау;</p> <p>ОН6 – нақты мәселелерді талдау үшін әдіснамалық таңдауды негіздеу және қоғамды зерттеудің әртүрлі жолдарын айыра білу;</p>	16	ЖБП МК	ASM 2103	Әлеуметтану / Саясаттану / Мәдениеттану	6	3	емтихан (КТ)
			ЖБП МК	Psi 2104	Психология	2	2	емтихан (КТ)	
			ЖБП ТК	KDN 2109	1.1 Кәсіпкерлік дағдылар негіздері	5	3	емтихан (КТ)	
			БП ЖООК	CS 2202	KPN 2109	1.2 Құқық және парасаттылық негіздері	3	3	жобаны қорғау

		ОН7 – ғылымның әлеуметтік-гуманитарлық түрі немесе басқа да ғылымдар саласында қоғамдағы нақты жағдай қатынасын бағалау, болатын қауіп-қатерді ескере отырып оның даму болашағын жобалай алу және кәсіби әлеуметтегі, сонымен қатар, қоғамдағы шиеленістерді шешуде бағдарламалар жасай алу; ОН8 – түрлі қарым-қатынас аясында зерттеу жобалық қызметтерін жүзеге асыра алу, қоғамдық бағалы ілімді түрлендіру (генерациялау), оны жобалау, әлеуметтік маңызы бар мәселелер бойынша өз пікірін дұрыс білдіре және дәлелді түрде қорғай білу							
Модуль 3	Тіл модулі	ОН1 – стилистикалық ерекшеліктерді зерттеуге назар аударып, тілдің даму заңдылықтарын біледі және түсінеді; ОН2 – оқытылатын тіл елінің тілдік және мәдени ерекшеліктерін біледі және түсінеді; ОН3 – коммуникативтік әрекетті құру стратегиясын және тактикасын иеленіп, тілдік тақырыптар шеңберінде және сөздерді грамматикалық дұрыс құрастыру арқылы, лексикалық жеткіліктілікке сүйене отырып, дұрыс интонациямен сөйлей	28	ЖБП МК	К(О)Т 1105	Қазақ (Орыс) тілі	10	1,2	емтихан (АЕ)
				ЖБП МК	ShT 1106	Шетел тілі	10	1,2	емтихан (АЕ)
				БП ЖООК	КК(О)Т 3203	Кәсіби қазақ (Орыс) тілі	4	5	емтихан (АЕ)

		<p>алады;</p> <p>ОН4 – ғылыми және әлеуметтік сипаттағы мәтіндердегі оқиғалардың себептері мен салдарын лингвистикалық сипаттайды және талдайды;</p> <p>ОН5 – жалпы қабылданған нормаға, функционалдық бағытқа сәйкес белгілі бір сертификаттау деңгейіне сай келетін лексика-грамматикалық және прагматикалық материалдарын пайдалана отырып, тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, ресми-іскерлік мәтіндерді құрастырады;</p> <p>ОН6 – мәтіндік ақпаратты түсіндіреді, әлеуметтік-мәдени, қоғамдық-саяси, ресми-іскерлік және кәсіби салалардағы қарым-қатынас мәтіндеріне стильдік және жанрлық ерекшеліктерін сертификаттау талаптары көлемінде түсіндіреді;</p> <p>ОН7 – өзінің жеке ниеттері мен қажеттіліктерін (тұрмыстық, оқу,әлеуметтік, мәдени) жүзеге асыру, оларды этикалық жағынан дұрыс, мағыналы толық, лексика-грамматикалық және прагматикалық тұрғыда жеткілікті дәрежеде жариялау мақсатында әртүрлі қарым-қатынас салаларындағы жағдаяттарға қатысады;</p> <p>ОН8 – өзінің жеке ниеттері мен қажеттіліктерін (тұрмыстық, оқу, әлеуметтік, мәдени, кәсіби бағдарлы) жүзеге асыру, оларды этикалық жағынан дұрыс, мағыналы толық, лексика-грамматикалық және прагматикалық тұрғыда жеткілікті дәрежеде жариялау мақсатында әртүрлі қарым-қатынас салаларындағы жағдаяттарға қатыса алуға қабілетті бола алады</p>		БП ЖООК	KBShT 2204	Кәсіби бағытталған шетел тілі	4	4	емтихан (АЕ)
Модуль 4	Жаратылы стану- ғылыми модулі	<p>ОН1 – ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, экологиялық, физиологиялық және гигиеналық білімдердің мақсаттары, мазмұны мен даму тенденцияларын түсіндіреді, нақты мәселелерді шешудің ең қолайлы технологиясын таңдауды және алынған ақпаратты қолданудың оңтайлы таңдауын негіздеп береді;</p> <p>ОН2 – ақпаратты жинау, сақтау және өңдеу әдістерін, ақпараттық және коммуникациялық процестерді іске асыру тәсілдерін түсіндіреді, биологиялық жүйелердің құрылымы мен жұмыс істеуін сипаттайды;</p>	12	ЖБП МК	АКТ 1107	Ақпараттық- коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде)	5	2	емтихан (КТ)
				БП ЖООК	ZhEFG 1205	Жас ерекшелік физиологиясы және гигиена	4	1	емтихан (КТ)

		<p>ОН3 – компьютерлік жүйелер мен желілердің архитектурасын, негізгі компоненттерінің тағайындалуы мен функцияларын сипаттайды, экологиялық және биологиялық ақпаратты іздеу, сақтау, өңдеу және тарату үшін ақпараттық Интернет ресурстарын пайдаланады;</p> <p>ОН4 – ақпаратты іздеу, сақтау, өңдеу және тарату үшін Интернеттегі ақпараттық ресурстарды, бұлтты және мобилді қызметтерді пайдаланады, кәсіби және ғылыми-практикалық қызметте экологиялық, физиологиялық және гигиеналық білімдерді қолдана алады;</p> <p>ОН5 – деректерді жинау, беру, өңдеу және сақтау үшін компьютерлік жүйелер мен желілердің бағдарламалық және аппараттық құралдарын пайдаланады, қоршаған ортаны және адам денсаулығын қорғаудың әдістерін және құралдардың таңдауын негіздей алады;</p> <p>ОН6 – ақпаратты қорғау әдістерін және құралдарын таңдауды негіздей алады және талдайды, сандық технологияларды пайдалана отырып, экологиялық-биологиялық жүйелердің аналитикалық құралдары мен параметрлерін әзірлейді</p> <p>ОН7 – сандық технологияларды пайдалана отырып, әртүрлі қызметтер үшін деректерді талдау және деректерді басқару құралдарын, сонын ішінде экологиялық-биологиялық жүйелердің аналитикалық құралдары мен параметрлерін әзірлейді</p> <p>ОН8 – экологиялық, физиологиялық және гигиеналық зерттеулер саласында заманауи ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, мамандық бойынша жобалау қызметін жүзеге асырады</p>		БП ЖООК	ЕТКН 2206	Экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері	3	4	емтихан (КТ)	
Модуль 5	Іргелі даярлық модулі	ОН1 – математиканың концептуалды және теориялық негіздерін, оның ғылым мен құндылықтардың жалпы жүйесіндегі орнын, оның даму тарихы мен қазіргі жағдайын біледі және түсінеді;	100	БП ТК	ЕМ 1210	2.1 Элементарлық математика	4	1	емтихан (КТ)	
		ОН2 – іргелі математикалық теоремалар мен есептер туралы білім жүйесін меңгерген;				ММТВ 1210				2.2 Мектеп математикасының таңдаулы бөлімдері
		ОН3 – табиғаттағы құбылыстар мен процестерді талдау үшін іргелі, қолданбалы математика білімдерін қолданады;								
	ОН4 – бақылау және эксперимент нәтижелерін теориялық талдау әдістерін, компьютерлік модельдеу тәсілдерін меңгерген;	БП ЖООК	АСТ1 2211	Алгебра және сандар теориясы 1	5	3	жазбаша емтихан			
	ОН5 – ұйымдастыру, міндеттерді қою және шешу дағдыларын меңгерген, бастапқы деректерді және жоспарланған нәтижені бағалайды;	БП ЖООК	АСТ2 2212	Алгебра және сандар теориясы 2	5	4	жазбаша емтихан			

	<p>ОН6 – ақпаратты алу, сақтау, өңдеу және берудің практикалық және олимпиадалық есептерін шешу үшін математикалық аппаратты және қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланады;</p> <p>ОН7 – теоремалар, қасиеттер, анықтамалар, есептер қою және оны шешу;</p> <p>ОН8 – дәлелдемелердің әр түрлі тәсілдерін тұжырымдайды, салыстырады және бағалай алады, сондай-ақ баламалы</p>	БП ЖООК	AEShP 2213	Алгебралық есептерді шешу практикумы	5	4	жазбаша емтихан
		БП ТК	AG 1214	3.1 Аналитикалық геометрия	5	2	емтихан (КТ)
			SAG 1214	3.2 Сызықтық алгебра және геометрия			
		БП ТК	MA1 2215	4.1 Математикалық анализ 1	5	2	жазбаша емтихан
			BAFDE 2215	4.2 Бір айнымалы функцияның дифференциалдық есептеуі			
		БП ТК	MA2 2216	5.1 Математикалық анализ 2	5	3	жазбаша емтихан
			BAFIE 2216	5.2 Бір айнымалы функцияның интегралдық есептеуі			
		БП ТК	PEShP 3217	6.1 Планиметриялық есептерді шешу практикумы	6	5	жазбаша емтихан
	PEShA 3217	.2 Планиметрия бойынша есептерді шешу әдістері					
БП ТК	KESh 3218	7.1 Қисынды есептерді шығару	5	5	ауызша емтихан		
	MKKGE 3218	7.2 Мектеп курсындағы қиындығы жоғары есептер					
БП ТК	MA3 3219	8.1 Математикалық анализ 3	5	5	жазбаша емтихан		
	KAFDE	8.2 Көп айнымалы					

					3219	функцияның дифференциалдық есептеуі			
